

4. Выготский Л.С. Мышление и речь. //Собр.соч. в 6-ти томах. – М., Педагогика, 1982. –Т.2. –361 с.
5. Унт И. Индивидуализация и дифференциация обучения. –М.: Педагогика, 1990. –192с.
6. Зорина Л.Я. Дидактические аспекты естественнонаучного образования: Монография. –М., Изд-во РАО,1993. –163с.
7. Джадрина М.Ж. Научные основы построения содержания вариативного образования в школе. – Алматы, 2000. – 218с.
8. Нурахметова С. Дидактические условия осуществления дифференцированного обучения на старшей ступени: автореф...канд. пед. наук.– 13.00.01.– Алматы, 1997.– 22 с
9. Мажитова Л.Х. Педагогические основы формирования профессиональных интересов учащейся молодежи: дисс...док.пед.наук.– 13.00.01. – Алматы, 1995. – 416 с. – 0595РК00055
10. Ковжасарова М.Р. Дифференциация как условие разноуровневой подготовки учащихся общеобразовательной школы. – Алматы, 2001. – 137 с
11. Бутузов И.Д. Дифференцированный подход к обучению учащихся на современном уровне: Учебное пособие. – Новгород, 1972. –72с.

References:

1. Komissarov B.D. Metodologicheskie problemy shkolnogo biologicheskogo obrazovaniya. – М.: Prosveenie, 1991. – 160 s.
2. Hutorskoy V. Elektivnye kursy – otvet na zaprosy uchenika i uchatelya, semu gosudarstva. – Direktor shkoly.–2006.–№ 1. – S.3-8
3. Didaktika srednei shkoly: Nekotorye problemy sovremennoi didaktiki. /Pod red. M.N.Skatkina, izd-e 2-oe, pererabotannoe i dopolnennoe. –М.:Prosveenie, 1982. –319s.
4. Vygotsku L.S. Myshlenie i rech. //Sobr.soch. v 6-ti tomah. – М., Pedagogika, 1982. –Т.2. –361 s.
5. Unt I. Individualizatsiya i differentsyatsiya obucheniya. –М.: Pedagogika, 1990. –192s.
6. Zorina L.Ya. Didakticheskie aspekty estestvennonauchnogo obrazovaniya: Monografiya. –М., Izd-vo RAO,1993. –163s.
7. Djadrina M.J. Nauchnye osnovy postroeniya sodержaniya varyativnogo obrazovaniya v shkole. – Almaty, 2000. – 218s.
8. Nurahmetova S. Didakticheskie usloviya osuestvleniya differentsirovannogo obucheniya na starshei stupeni: avtoref...kand. ped. nauk.– 13.00.01.– Almaty, 1997.– 22 s
9. Majitova L.H. Pedagogicheskie osnovy formirovaniya professionalnyh interesov uchashisya molodeji: diss...dok.ped.nauk.– 13.00.01. – Almaty, 1995. – 416 s. – 0595RK00055
10. Kovjasarova M.R. Differentsyatsiya kak uslovie raznourovnevoi podgotovki uchashisya obeobrazovatelnoi shkoly. – Almaty, 2001. – 137 s
11. Butuzov I.D. Differentsirovannyi podhod k obucheniui uchashisya na sovremennom urovne: Uchebnoe posobie. – Novgorod, 1972. –72s.

FTAXP 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.032>

А.Д.Жомартова,^{1*} Р.О.Озгамбаева,² М.Б.Алтысбаева,³
Г.М.Кажикенова,¹ С.К.Антикеева¹

¹Торайгыров университет КЕАҚ, Павлодар қ, Қазақстан

²Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университет
Ақтау қ., Қазақстан

³Қазтұтынуодағы Қарағанды университет, Қарағанды қ., Қазақстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Аңдатпа


Инклюзивті білім беру мәселесі Қазақстанның білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі болып табылатыны барлығына мәлім. Соңғы жылдары аталмыш мәселеге қатысты орасан зор еңбектер мен зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, осы салада, әлі де шешілмеген мәселелер баршылық, олардың бірі инклюзивті білім беру ортасында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру мәселесі.

Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы оқыту мен оны ұйымдастыру ісі біршама ерекшеліктерге толы, әсіресе дене шынықтыру сабағына қатысты нақты ұсыныстар керек. Көптеген ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалар бұл сабаққа қатыса қоймайды, оның бірден-бір себебі оқытушы мұғалімдердің бұл жұмысқа қатысты әдістемелік тұрғыдан дайын болмауы деп айтуға болады. Осы мәселені зерттеу аясында мақалада шетелдік тәжірибе

сараланды, кемшіліктері мен артықшылықтары және әдістемелік тұрғыдан ұсыныстар іріктеліп, авторлардың ұсынып отырған «Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудың әдістемелік ұсыныстары» атты еңбегінде көрініс тапты.

Зерттеу жұмысы авторлардың ұсынып отырған «Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастырудың әдістемелік ұсыныстарын» тәжірибеден өткізіп, оның тиімділігін анықтауға арналған. Ол үшін Павлодар қаласының бірнеше дене шынықтыру сабағының мұғалімдеріне аталмыш әдістемелік ұсыныстарды тәжірибеде қолданып көріп, тиімділігін анықтау бойынша зерттеу жұмысына қатысуға ұсыныс берілді. Ең алдымен интервью арқылы мұғалімдердің қарастырылып отырған мәселеге қатысты пікірлері алынды. Әдістемелік ұсыныстарды апробациядан өткізуден кейін соңғы интервью алынып, дене шынықтыру мұғалімдерінің пікірлері анализденді.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалар, әдістемелік ұсыныстар, дене шынықтыру.

Жомартова А.Д.,^{1*}  Озгамбаева Р.О.,²  Алтысбаева М.Б.,³ 

Кажикенова Г.М.¹  Антикеева С.К.¹ 

¹ НАО Торайғыров университет, г.Павлодар, Қазақстан

²Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, г.Ақтау, Қазақстан

³Карагандинский университет Казпотребсоюза, г.Караганда, Қазақстан

МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ ЗАНЯТИЙ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ В ИНКЛЮЗИВНОЙ СРЕДЕ

Аннотация

Проблема инклюзивного образования является одной из актуальных в системе образования Казахстана. В последние годы по данной теме проведено множество исследований и научных работ. Однако до сих пор остаются нерешённые вопросы, одним из которых является организация уроков физической культуры в условиях инклюзивного образования.

Обучение в инклюзивной среде и его организация имеют ряд особенностей, что особенно ярко проявляется при проведении уроков физической культуры, где требуются конкретные методические рекомендации. Многие дети с особыми образовательными потребностями (ООП) не принимают активного участия в этих уроках, что во многом связано с недостаточной методической подготовленностью педагогов к данной работе. В рамках исследования в статье был проанализирован зарубежный опыт, выделены его преимущества и недостатки, а также предложены собственные рекомендации, которые нашли отражение в разработке авторов под названием «Методические рекомендации по организации уроков физической культуры в условиях инклюзивного образования».

Исследовательская работа была направлена на апробацию данных методических рекомендаций и определение их эффективности. С этой целью учителям физической культуры города Павлодара было предложено применить данные рекомендации на практике и принять участие в исследовании. На первом этапе были проведены интервью с педагогами для выявления их мнений по рассматриваемой проблеме. После апробации методических рекомендаций было проведено итоговое интервью, результаты которого подверглись анализу.

Ключевые слова: инклюзивное образование, организация уроков физической культуры в условиях инклюзивного образования, дети с особыми образовательными потребностями, методические рекомендации, физическая культура.

Zhomartova A.,^{1*}  Ozgambayeva R.,²  Alpysbayeva M.,³ 
Kazhikenova G.,¹  Antikeeva S.¹ 

¹Toraighirov University, Pavlodar, Kazakhstan

²Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov,
Aktau, Kazakhstan

³Karaganda University of Kazpotrebooyuz, Karaganda, Kazakhstan

METHODOLOGICAL RECOMMENDATIONS ON THE ORGANIZATION OF PHYSICAL EDUCATION CLASSES IN INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

The issue of inclusive education is one of the most pressing challenges in Kazakhstan's educational system. In recent years, a significant number of studies and scientific works have been carried out in this field. However, many problems remain unsolved, one of which is the organization of physical education lessons in the context of inclusive education.

Teaching and organizing the learning process in an inclusive environment involve certain specific features, which are particularly evident in physical education classes where concrete methodological guidelines are required. Many children with special educational needs (SEN) do not actively participate in these lessons, mainly due to teachers' insufficient methodological readiness to work in this area. Within the framework of this study, international practices were analyzed, their strengths and weaknesses identified, and practical recommendations were proposed. These findings were reflected in the authors' work titled "Methodological Recommendations for Organizing Physical Education Lessons in the Context of Inclusive Education."

The research aimed to test these methodological recommendations in practice and evaluate their effectiveness. For this purpose, several physical education teachers from Pavlodar city were invited to apply the proposed recommendations during their lessons and participate in the study. At the initial stage, interviews were conducted to collect teachers' opinions on the issue under consideration. Following the trial implementation of the methodological recommendations, a final round of interviews was held, and the teachers' feedback was analyzed.

Keywords: inclusive education, organization of physical education lessons in the context of inclusive education, children with special educational needs, methodological recommendations, physical education.

Кіріспе. Қазақстанның білім беру жүйесінде инклюзия жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру қазіргі педагогика мен әлеуметтік саясатта өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жыл сайын елімізде жалпы орта білім беру мектептерінде оқитын ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБҚ) балалар саны көбейіп келеді, статистикалық тұғыдан да бұл санаттағы балалардың саны өсуде [1]. Дегенмен, дене шынықтыруды ұйымдастыру саласы мұндай жұмысқа толық дайын деп айту қиын.

Қазақстан елінде 2015 жылдан бері халықаралық стандарттар мен мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы негізінде инклюзивті білім беру принциптерін белсендете енгізуде [2]. Дене шынықтыруды инклюзивтілік жағдайында ұйымдастыру мәселесі мектеп мәселелерінің басты бөліктерінің бірі.

Инклюзивті білім беру мәселесін Қазақстан елінде 2000-ыншы жылдардан бастап алғаш рет ғалым Р.А.Судейменова көтерген болатын. Содан бері әр уақытта әр ғалым мәселені әр қырынан зерттеп келді: Мовкебаева З.А. (2010), Оралканова И.А. (2014), Оралбекова А.К. (2017), Аубакирова С.Д. (2017), Рымханова А.Р. (2019), Жомартова А.Д. (2021) және т.б. Дегенмен, дене шынықтыру сабағын инклюзивті білім беру аясында ұйымдастыру мәселесі, оның ішінде арнайы әдістемелік ұсыныстар толық зерттелген жоқ. ЕБҚ бар балалардың жалпы орта мектепте білім алуы және дене шынықтыру сабағына қатыса алу мүмкіндігі ерекше мәнге ие болуда.

ЕБҚ бар балалар үшін дене шынықтыру сабағы тек денсаулықты нығайтумен байланысты емес, ол балалардың көңіл күйлерінің жақсаруына, мазасыздықтың төмендеуіне оң әсерін тигізеді, өзіне деген сенімділігі артып, қарым-қатынас жасау біліктілігі жетіледі. Мектепке барушы әр бала, өзіндік ерекшелігіне қарамастан дене шынықтыру сабағына баруға құқылы. Осыған орай, ең алдымен дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруға арналған нақты әдістемелік ұсыныстар жасау керек. Шетелдік инклюзивті білім беру тәжірибесінің молдығына сәйкес, осы жұмысты жүзеге асыру жолында біз олардың аталмыш мәселе бойынша тәжірибесін анализдеп,

ортақ бір тұжырым жасау арқылы әдістемелік мүмкіндіктердің біршама мысалдарын қарастырдық.

Американдық ғалым Кетрин Д.Эннис атап кеткендей мектептегі дене шынықтыру сабағы өте маңызды пән болып табылады. Оқушылардың танымдық қабілеттері мен моторикасын дамытуға көмектеседі, олардың, яғни балалардың, өз денсаулықтарына қатысты жауапкершіліктері мен шешімдерін қалыптастыруға әсер етеді [3].

Кетлин М.Хейвуд, сонау 1986 жалдардағы ғылыми еңбегінде адам ағзасының моторлық дамуы қарапайым және үйлесімсіз қозғалыстардан күрделі формасына айналатыны, туғаннан өлгенге дейін жүретінін сипаттап кетке болатын [4]. Линда Б.Смит және Е.Теллен даму үстіндегі ағза күрделі процесс күйінде болады, қоршаған ортамен үздіксіз интеграцияланатын көптеген компоненттермен ара-қатынас құрайды, осының арқасында ағзада өзгерістер туындайды деп пайымдаған [5]. Ағзадағы болып жатқан процесті басқаруға болады. Сол себепті мүмкіндігі шектеулі жандар үшін дене шынықтыру сабағы маңызды сабақ. Адамның психикалық, әлеуметтік, когнитивті және моторлы дамуының жақсаруына әкеледі.

Осы мәселені зерттеу тақырыбы етіп таңдау себептері дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі, бейімделген бағдарламалардың, сабақта пайдалануға арналған арнайы құрал-жабдықтардың кемдігі, дене шынықтыру сабағында ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеуге арналған нақты әдістемелік ұсыныстардың кемдігі болды. Аты аталған мәселелердің барлығын шеше алмасақ та, осылардың арасынан дене шынықтыру мұғалімдерінің әдістемелік дайындық деңгейін көтеруге мүмкіндік бере алатын әлеуеті бар әдістемелік ұсыныстарды жасап, оны апробациядан өткізу арқылы қалыптасқан жағдайды өзгертуге болар еді деген ой туындайды [6].

Зерттеуіміздің мақсаты инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау және олардың тиімділігін эмпирикалық жолмен тексеру болды. Осыған орай зерттеу нысанын біз келесі түрде анықтадық: жалпы білім беру мектептеріндегі инклюзивті білім беру процесі, ал зерттеудің пәні инклюзивті ортада дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсыныстар болды.

Алдымызға қойған мақсатымызды орындау жолында келесі міндеттер анықталды:

- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әлемдік және отандық тәжірибелерді зерделеу;
- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыра алу үшін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу;
- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әзірленген әдістемелік ұсыныстардың тиімділігін эмпирикалық жолмен тексеру.

Зерттеу ісіне Павлодар қаласының жалпы орта және арнаулы білім беру мекемелерінің дене шынықтыру мұғалімдері қатысты. Респонденттердің 87 % есімдерінің, еңбек ету орнына қатысты мәліметтердің анонимді болғанын қалады, осылайша олардың пікірлерінің шынайылығын көруге мүмкіндік болды деп айтуға болады.

Зерттеуге қатысушыларға әзірленген «Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстарды» қолданып, тиімділігін бағалауға ұсыныс жасалды. Ол үшін алдымен жалпы инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруға қатысты интервью арқылы, респонденттердің пікірі сараланды. Әдістемелік ұсыныстарды қолданып болғаннан кейін қорытынды интервью арқылы аталмыш ұсыныстардың тиімділігі анықталды. Зерттеу өткен оқу жылының 3 тоқсан аралығында жасалды.

Негізгі ережелер. Зерттеу жұмысын жүргізіп болғаннан кейін келесі негізгі тұжырымдар жасалды:

- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағы денсаулықты нығайтып қана қоймайды, сонымен қатар әлеуметтік интеграция мен толеранттылықтың қалыптасуына ықпал етеді;

- дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруда ЕБҚ бар балалардың жеке дара психологиялық физикалық мүмкіндіктерін ескеру олардың психологиялық қалып пен әлеуметтік саласына оң ықпал етеді;

- дене шынықтыру мұғалімінің инклюзивті педагогика саласында құзыретті болуы, психологпен, дефектологпен, ЕБҚ бар балалардың ата-анасымен өзара әрекеттесе отырып дене шынықтырудың заманауи әдістерін пайдалануы сабақтың нәтижелілігіне оң ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу мақсатына сәйкес белгіленген міндеттерді шешу жолында шетелдік және отандық ғылыми әдеби көздер сараптамадан өткізілді (Терри К. Кроу, Ф. Хорак, Кага К., Эуис Хериати, Ен Ратенсик т.б.), алынған мәліметтерді анализдеу, топтастыру, жалпылау мен жіктеу әдістері арқылы «инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» әзірленді. Әдістемелік ұсыныстардың тиімділігін тексеру үшін эмпирикалық тәсіл (тәжірибені сараптау, сырттан бақылау, интервью арқылы анализдеу, сипаттама беру, деректерді интерпретациялау) қолданылып тұжырым жасалды.

Зерттеу барысында интервью әдісі қолданылып, мұғалімдердің пікірлері бастапқы (ұсыныстарды қолданбас бұрын) және соңғы (ұсыныстарды енгізгеннен кейін) кезеңдерде салыстырылды. Оларға келесі сұрақтар қойылды:

1. Инклюзивті сыныптағы дене шынықтыру сабақтарында қандай қиындықтарға жиі тап боласыз?
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған әдістемелік нұсқауларды қолданасыз ба?
3. Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін қалай бағалайсыз?
4. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?
5. Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру сізге қиындық туғыза ма?
6. Қандай қосымша қолдаулар немесе материалдар қажет деп ойлайсыз?
7. Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру үшін не жетіспейді деп есептейсіз?

Зерттеуге қатысушылар саны, әрине, ғылыми зерттеудің ақиқаттығын көрсету үшін жеткіліксіз болып көрінуі мүмкін. Жасанды түрде мәліметтерді көбейткеннен гөрі, нақты нәтиже көрсетуге деген талпыныс басым болып отыр. Бұл зерттеу нәтижелері істің шынайылығын көрсетуге мүмкіндік берді, зерттеуге қатысқан мұғалімдер жауаптарын анонимді және шынайы беруге тырысқанын жеке айтып кетуді жөн көрудеміз.

Мұғалімдердің зерттеуге қатысуға рұқсатын алып, жоғарыдағы көрсетілген интервью сұрақтары олардың электронды пошталарына жіберілді. Белгіленген уақытта әр-бірімен жеке кездесу өткізіліп, олардың берген жауаптары сарапталды. Мұғалімдер зерттеуге қатысып, әдістемелік ұсыныстарды алған соң, олардың тиімділігін өткен оқу жылының 3-тоқсанында тәжірибеде сынақтан өткізді. Осы кезеңде оларға қажет болған қосымша әдістемелік қолдау үздіксіз көрсетіліп отырды. Респонденттердің берген жауаптарының ортақ көрсеткіштері, апробацияға дейін және апробациядан кейінгі нәтижелер, салыстырылып қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Екі топтың орташа мәндерінің айырмасы Cohen's «d» шамасымен анықталды.

Мкейін – Мдейін

SDpooled

Нәтижелер мен талқылау. Инклюзивті білім беру саясатының жүзеге асуының нәтижесінде мүгедектігі бар жандар үшін кәдімгі мектептерде тең құқық негізінде білім алуға мүмкіндік туындады. Дегенмен, бұл істің шын мағынасында қандай дәрежеде жүзе асырылып жатқаны әлі де беймәлім. Білім беруші мұғалімдердің әдістемелік тұрғыда осы міндетті шешуінің шынайы көрінісін қатты сынға алған да дұрыс емес деп есептейміз. Ерекше білім беруді қажет ететін

білім алушының психологиялық, физикалық мүмкіндіктерін білу мұғалім үшін қажетті шарт, әсіресе дене шынықтыру пәнінің мұғалімі үшін.

Өткен ғасырдың 1994 жылы БҰҰ білім, ғылым және мәдениет ұйымы (ЮНЕСКО) Саламанка мәлімдемесінде ерекше қажеттіліктері бар, солардың ішінде мүмкіндігі шектеулі жандардың инклюзивтілік аясында білім алуға құқығы бар екендігі жайлы сөз қозғалды. Нәтижесінде осы ұйымға қатысушы елдер ЕБҚ бар адамдардың білім беру жүйесіне қосылуын қамтамасыз ететін саясат пен заңдарды қабылдай бастады [7].

Васильева О. айтып кеткендей, инклюзивті білім беру мұғалімдерге оқыту, тәрбиелеу, дамыту ісінде жаңа талаптар қойды. Осы талаптарды орындау үшін ғылыми қауымдастық мәселені шешудің жаңа шешімдерін ұсыну керек болды [8]. Бұл жолда, әрине, инклюзивті білім беру саясатын едәуір ұзақ шешіліп келе жатқан елдердің тәжірибесіне үңілу, олардың инклюзивті білім беру тәжірибесін саралау – бізге осы міндетті шешудің нұсқасын жасауға негіз болады.

Оқыту процесін жоспарлауда мұғалімдер өз оқушыларының академиялық, әлеуметтік қажеттіліктерін ескеріп қана қоймай, оларды өз мақсаттарына жетуге көмектесетін технологияларды да ескерулері қажет. Жоспарлау балалардың сабақ мазмұнын ұғынуын, білім мен түсініктерін көрсете алуларына негіз болады [9]. Сырымбетова Л.С. мен оның әріптестері инклюзия жағдайында дене шынықтыруға оқытуға арнаған мақалаларында дене шынықтыру сабағын жоспарлау барысында әр оқушының жеке мүмкіндіктері ескерілуі шарт деп атап кеткен. Осы шартты орындауда әсіресе ЕБҚ бар бала туралы мәлімет өте маңызды. Адамның шектеулі мүмкіндігі дәстүрлі емес оқыту әдіс-тәсілдерін пайдалануға мәжбүрлейді, ол үшін жаңа міндеттерді шешуде мәселеге қатысты ақпаратпен «қаруралу» керек. Бұл мұғалімнің өз құзыреттілігі мен жауапкершілігіне тәуелді [10].

Дене шынықтыру сабағына ЕБҚ бар балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қосу және инклюзивті сыныппен жұмыс жасау мәселесіне келсек, Англия елінің өзінде де әлі күнге дейін шешілмеген сұрақтарының бар екендігін атап өту керек. Англия ғалымдары К.Диксон, С.Брей, Т.Гиббонс, 2017-2019 жылдар аралығында 34 респонденттің қатысуымен жартылай құрылымдық интервью өткізген еді. Интервью нәтижелерін талдау келесі ой-тұжырым қалыптастырды:

- мүмкіндігі шектеулі балалар Англияның «қалыпты» мектептерінде дене шынықтыру сабақтарына қатысу кезінде әлі де көптеген кедергілерге тап болады екен;
- мұғалімдер мүгедек балаларды дене шынықтыруға қосуға дайын емес болып шықты;
- ата-аналар, провайдерлер мүмкіндігі шектеулі балаларды дене тәрбиесіне қосу ісін кеңейту бойынша ұсыныстар бере алды. Бұл нәтижелер ғалымдарды мүмкіндігі шектеулі балаларды дене тәрбиесі сабақтарына қосу негізгі мүдделі топтар триадасын білім беру тәжірибесіне кіріктіру қажеттігі пікіріне әкелді: а) мүгедек балалар мен олардың отбасылары; б) дене шынықтыру мұғалімдері; с) мұғалімдерді бастапқы даярлау провайдерлері (әдістемелік дайындық) [11].

Байқап отырғанымыздай, мүмкіндігі шектеулі балаларды дене шынықтыру сабақтарына қосу мәселесі әлі де өзектілер қатарында болып шықты. ЕБҚ бар жандарды дене шынықтыру сабақтарына қосу мәселесі қазіргі білім беру орталарында әр-түрлі шешімін табуда. Әдетте мұндай балалар не мүлдем бұл сабаққа қатыспайды, немесе дене шынықтыру сабақтары емдік дене шынықтыру саласымен байланыстырылады. Сонымен қатар, кейбір ата-аналар балаларын арнаулы түрлі спорт үйірмелері болса ерекше баланың қызығушылығы мен мүмкіндігіне қарай осындай орталықтарға қатыстырып отырады. Дегенмен, жалпы мектеп қабырғасында болатын дене шынықтыру сабағына қатыстыру үшін көптеген кедергілер бар екендігін мойындау керек [12].

Адамның психологиялық және физикалық мүмкіндіктерінің ерекшеліктері олардың жалпы қозғалыс жасай алу сипатына тікелей әсер етеді. Басқа сөзбен айтқанда қозғалыс түрлілігі шектеулі болады. Көру аппаратының ақауы бар, сал дертіне шалдыққан жандар үшін қарапайым адамға қолжетімді жеңіл жүгіру қиынға түседі. Допты белгіленген жерге дәл тигізу машығы да оларға қиындық туғызады. Көптеген дене жаттығуларын орындау қабілеті төмен немесе мүлдем

қолжетімсіз қалыпта болады. Әдетте қимыл қозғалыс практикасының аз болғандығынан көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар қозғалмай бір орында отырумен күндерін кешеді. Физикалық мүмкіндік шектеуі олардың психикалық қалыптарына, өзіндік сезімдеріне де, өз-өзіне деген сенімділігінің төмен болуына алып келеді. Сол себепті мүмкіндігі шектеулі адамды дене шынықтыру мәдениетіне жақындату жалпы өз-өзін оңтайлы сезіну жағдайына әкелуі әбден мүмкін.

Келесі зерттеуші ғалымдар, А.Суракка және Т.Кивела, көру қабілеті нашар және саңырау адамдарды дене шынықтыру бағдарламасына кіріктіру арқылы жаттығуларды үнемі орындауға ынталандырудың әртүрлі жолдарын қарастырған болатын.

Бағдарлама көру қабілеті нашар және саңырау адамдарға оларда ең көп кездесетін физикалық проблемаларын азайту мақсатында әзірленген еді. Жиырма жеті қатысушы (көру қабілеті бұзылған 23 адам, 4 саңырау) төрт топқа бөлініп, 5-6 аптаға созылған дене шынықтыру бағдарламасына қатысқан еді (аптасына 60 минуттан үш сабақ). Бағдарламаны жиырма төрт қатысушы аяқтады. Эксперименттен кейін қатысушылар оның әсерін сауалнама арқылы бағалады. Олардың жауаптары негізінде үш түрлі көрсеткішпен талданды: физикалық жағдай, психикалық күй және тепе-теңдік. Бағдарламаны аяқтаған 24 қатысушының біреуінен басқасының барлығы осы көрсеткіштердің кем дегенде біреуі жақсарғанын хабарлады. Бұл эксперимент дене шынықтыру сабағының мүмкіндігі шектеулі адам үшін өте маңызды екендігін көрсетеді [13].

Шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерін зерделей келе дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған «Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» әзірленді. Бұл ұсыныстар ресми түрде безендіріліп, зерттеуге қатысушы дене шынықтыру мұғалімдерінің қолданысына берілді. Төменде осы ұсыныстардың қысқаша сипаттамасы берілген.

Инклюзивті білім беру аясында жалпы мектептерде түрлі психикалық және физикалық ерекшеліктері бар балалар бірге оқи алады. Мұндай оқушылардың қатарына көру немесе есту қабілетінде қиындықтары бар, интеллектуалдық дамуында ауытқулары кездесетін (мысалы, аутизм спектрі, психикалық дамудың тежелуі, Даун синдромы және т.б.), сондай-ақ тірек-қимыл жүйесінде шектеулері бар балалар жатады.

Ерекше білім беруді қажет ететін бала жалпы мектепке бармас бұрын медициналық, психологиялық және педагогикалық мүмкіндіктерін бағалайтын арнайы тексеруден өтеді. Сараптаманың қорытындысына сәйкес, әр оқушыға жеке оқу бағдарламасы жасалады. Бұл бағдарламаны құрастыру барысында, әсіресе дене шынықтыру пәнін жоспарлағанда, баланың психикалық және физикалық әлеуетін ескеру маңызды. Кей жағдайларда оқушылардың білім алу процесін медициналық сүйемелдеу қамтамасыз етіп отырады, ол балалардың денсаулығын жақсартуға ықпал етеді.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі сабақ жоспарын құрар алдында мына мәселелерге назар аударғаны жөн:

- ерекше білім алуды қажет ететін баланың мектепке жіберілген комиссиялық жолдамасымен танысу;
- арнайы педагогика, психология және дене тәрбиесі бойынша білімдерін жетілдіру;
- сабақ жоспарын құру кезінде оқушылардың қажеттіліктерін ескеру;
- қажет болған жағдайда тифлопедагог, сурдопедагог, олигофренопедагог және басқа да мамандардан қосымша кеңес алу;
- оқушылармен жеке қарым-қатынас орнатып, олардың атын атап сөйлесу;
- сабақ кезінде балалардың эмоционалдық жағдайын бақылап отыру;
- оқушыларды жауапкершілікке үйретіп, көмек қажет болғанда оны дер кезінде сұрауға баулу;
- сыныптастарды жұптық жұмыс арқылы бір-біріне көмектесуге тарту;
- спорт залы мен оқу кеңістігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жабдықтарды қолжетімді және ыңғайлы етіп орналастыру;- ойын алаңын нақты белгілеу, қажет болса түрлі түстер мен дыбыстық белгілерді пайдалану;

- жаттығулар мен құралдарды оқушының мүмкіндіктеріне қарай бейімдеу, мысалы, дыбыстық құрылғыларды, серіктестік жүйелерін, жалаушаларды қолдану.

Инклюзивті сыныппен жұмыс барысында мұғалім әр оқушының психологиялық және физикалық жағдайын жүйелі түрде бақылап отыруы қажет. Бұл үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

- бақылау – баланы табиғи ортада қадағалау оның мінез-құлқын және ойлау ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі;

- сұхбат – әңгімелесу арқылы оқушының өз-өзіне көзқарасын анықтауға болады;

- нәтижелерді бағалау – оқу және спорттық жетістіктерін талдау;

- мінез-құлықты бағалау – күнделікті іс-әрекеттегі өзгерістерін бақылау.

Мұғалімнің басты міндеті – ерекше қажеттіліктері бар балалардың оқыту құралдарына қолжетімділігін қамтамасыз ету, оқыту әдістемесін бейімдеу, көмекші технологияларды қолдану және қауіпсіз оқу ортасын қалыптастыру.

Тиісті жабдықтарды қолданып, дұрыс жоспарланған дене шынықтыру сабағы оқушының қабілеттерін арттырып қана қоймай, түрлі шектеулердің әсерін азайтуға көмектеседі. Жаңа спорттық немесе ойын-сауық түрін меңгеру ерекше қажеттілігі бар адамның өмір сапасын жақсартып, жалпы әл-ауқатын көтеріп, өзіне деген сенімділігін нығайтады.

АҚШ елінің Пенсильвания штатының зағиптарға қызмет көрсету сайтының негізінде біз көру мүшесі бұзылған балалармен жұмыс істеуге арналған әдістемелік ұсыныстарын зерделеп шықтық [14]. Зерделенген ақпарат негізінде әдістемелік ұсыныстар жасалды.

Көру мүшесінде ақауы бар балаларға арналған дене шынықтыруды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Көру мүшесінде ақауы бар балаларға дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру ісі ерекше дайындықты талап етеді. Дене тәрбиесі жалпы кез-келген жастағы адамдар үшін маңызды болғанымен, балалар үшін ол денсаулықты нығайтумен қатар, сенімділікті қалыптастыру мен қоғамға бейімделудің де негізгі құралы болып табылады. Арнайы ұйымдастырылған қозғалыс жаттығулары балалардың көңіл күйлері мен дене бітімдерінің оң өзгеруіне жақсы әсер етеді.

Көру мүшесінде кемшілігі бар балаларға артық салмақ жинау тән. Оның себебі қан айналымының әлсіздігі, өкпенің жеткілікті жұмыс істемеуі, бұлшықет тонусының төмендігі болуы ықтимал. Дене шынықтыру сабағындағы мұндай балаларға арнайы ұйымдастырылған жаттығулар кешені кеңістікте еркін, өз бетінше бағдарлануына, оған қоса денсаулықтың жақсаруына пайдалы болады. Ал мұғалімдер үшін бастысы – әр оқушының жеке дара ерекшеліктерін біліп, түсіну бала үшін ыңғайлы әдіс-тәсілді, әдістемені ыңғайлау.

Көру аппаратының қалыпты қызмет етпеуі зағип балалар үшін есту арқылы хабар алмасу негізгі құралға айналады. Олар сөйлеу мен ауызша түсіндіру арқылы ақпаратты өңдеуге бейімделеді. Көзі көретін бала айналасындағыларға еліктеп үйренсе, көруі бұзылған бала қимыл-қозғалысты сөз арқылы қабылдайды. Жүргізілген зерттеулер зағип адамдардың миы дыбыстық ақпаратты ерекше қабылдайтынын көрсеткен. Сондықтан мұғалімнің қысқа әрі анық нұсқаулар беруі, қажет болғанда қимылды қолынан ұстап көрсетуі тиімді әдіс болып саналады.

Шетелдік тәжірибеде де осындай тәсілдер кеңінен қолданылады. Мысалы, оқушыға спорт залының кеңістігімен алдын ала таныстыру, қимыл бағытын сөзбен түсіндіру, қажет жағдайда қолынан ұстап бағыттау, ал жаттығуларды орындау кезінде (жарық пен контурды көре алатындар үшін) контрастты түсті құралдарды пайдалану ұсынылады. Бұл қарапайым шаралар баланың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, оның дербестігін дамытуға мүмкіндік береді.

Сабак барысында келесі жайттарға ерекше назар аударған дұрыс:

- оқушыға өз кеңістігін тануға біраз уақыт беру;

- нұсқауларды анық әрі түсінікті айту, қайталау;

- қажет болғанда қолдау көрсету, бірақ шамадан тыс қорғаштамау;

- қимылдарды сипаттауда сипаттамалық сөздерді пайдалану («оң аяғыңды көтеріп, сол аяқпен секір» сияқты);

- құрал-жабдықтар мен алаңды қарапайым әрі контрастты түстермен белгілеу (нашар көретіндер үшін), себебі толық зағип бала дыбыстың, ауаның қозғалысын кеңінен сезінумен бағдарланады;

- дыбыстық белгілерді қолдану арқылы ойын мен жаттығуларды жеңілдету.

Мысалы, допты бірден баланың қолына тастамай, еденге соғып дыбысын шығару немесе қоңырауы бар арнайы допты пайдалану тиімді. Бұл тек қозғалысты жеңілдетіп қоймай, балаға өздігінен бағдарлануға да үйретеді. Жүгіру кезінде мұғалім немесе сыныптасы қолынан ұстап сүйемелдеуі мүмкін, ал уақыт өте келе баланы дыбыстық белгі арқылы дербес қимылдауға баулыған дұрыс.

Қауіпсіздік мәселесі де бірінші орында тұрады. Мұғалім әрқашан залдағы және алаңдағы кедергілерді ескертіп отыруы керек, жарықтың өзгеруі көру қабілеті нашар балаларға қалай әсер ететінін де назарға алған жөн. Арнайы таңбаланған аймақтар, резеңке төсеніштер немесе түрлі-түсті ленталар кеңістікті анықтауға көмектеседі.

Жалпы алғанда, көру қабілеті бұзылған балаларға арналған дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді. Дұрыс жоспарланған жаттығулар олардың қозғалыс дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, сенімділігін арттырады және әлеуметтік ортаға толыққанды бейімделуіне ықпал етеді.

Есту мүшесінде ақауы бар балаларға арналған дене шынықтыруды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Есту мүшесінде ақауы бар жандар физикалық белсенділікпен шектеусіз айналыса алады. Дегенмен мұндай адамдармен дене шынықтыру жаттығуларын жасатуда олардың есту мүмкіндігін ескеру керек. Саңырау деп әдетте есту мүшесі арқылы ақпаратты ести алмайтын және өңдей алмайтын адамды атайды. Екі құлақтағы есту қабілетінің төмендеу деңгейіне қарай: 1) 70–89 дБ аралығында болса – ауыр дәрежелі, ал 2) 90 дБ-ден жоғары болса –есту қабілетінің терең бұзылысы деп саналады. Мұндай жағдайда бала дыбысты мүлдем қабылдай алмайды, сондықтан сөйлеуді өз бетінше меңгеру немесе түсіну мүмкін болмайды. Көбіне саңыраулық тек есту мүшесінің қызметімен байланысты болып, баланың дене шынықтыруға қатысу қабілетіне тікелей кедергі келтірмейді.

Алғашқы кезеңде баланың ести алмауы сөйлеу тілінің қалыптасуын баяулатады немесе мүлдем қалыптастырмайды (кереңдік болған кезде). Ал когнитивтік даму деңгейі бірқатар факторларға тәуелді: ең алдымен отбасының қолдауы, қоғамның көзқарасы және баламен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері үлкен рөл атқарады. Терри К. Кроу мен Ф. Хорак ғалымдарының деректеріне сүйенсек, саңыраулық көбіне вестибулярлық жүйенің қызметіндегі ақаулармен қатар жүруі мүмкін [15]. Балалардың тепе-теңдікті сақтау қабілеті мен естімеушіліктің арасында тығыз байланыс бар екені байқалады. Кага К. және оның әріптестері көрсетіп кеткендей, шамамен он жасқа келгенге саңырау балалар көру және проприоцептивтік жүйелерді үйлесімді пайдаланып үйренгендіктен өз қимылдарын тиімді басқара бастайды [16]. Саңырау ата-анадан туған естімейтін балалар спортпен белсенді айналысып қана қоймай, дене дайындығының жоғары деңгейін көрсетуге бейім. Оның себебі – мұндай ата-аналардың балаларын жақсы түсінетіндігінен болар. Ғылыми еңбектерде мұндай отбасыларда өзара түсіністік пен ортақ тәжірибеге сүйенген нәтижелі қарым-қатынас орнайтыны жиі атап өтіледі [17].

Саңырау балалардың тепе-теңдік дағдылары әртүрлі деңгейде дамиды, әсіресе статикалық тепе-теңдік. Егер көру мүмкіндігі уақытша шектелсе (мысалы, көзді жұмғанда), олардың тепе-теңдікті ұстауы әлсірейді, сондықтан қозғалыс кезінде тепе-теңдікті сақтауда қиындықтар байқалады. Мұндай балаларға бір аяқпен тұру, секіріп қол шапалақтау немесе сызық бойымен жүру сияқты кейбір тапсырмаларды орындау қиынға түседі. Дегенмен, арнайы жаттығулар арқылы бұл айырмашылықтарды азайтуға болады. Вестибулярлық жүйенің әлсіздігі басқа сезім мүшелерінен алынған ақпараттың көмегімен өтелуі мүмкін. Тепе-теңдік жаттығу арқылы дамитын дағды болғандықтан, дене шынықтыру барысында жасалған жүйелі жұмыстар саңырау мен қалыпты балалар арасындағы айырмашылықты азайтады [18].

Саңырау оқушылардың жалпы сабақтарға қатысуын қамтамасыз етудің тиімді жолы – олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, қарапайым әрі бейімделген іс-шараларды қолдану. Дыбыстық сигналдардың орнына визуалды құралдарды – суреттерді, жалаушаларды немесе көрсетілімдерді қолдану орынды.

Сонымен қатар, ырғақ пен үйлестіруді дамыту үшін музыканы пайдалануға болады. Әдетте музыка есту қабілетін қажет етеді, ал саңырау балалар оны дене арқылы дыбыстық тербелістерді сезіну арқылы қабылдайды. Осылайша, музыка визуалды және тактильді қабылдауға негізделген жаңа түсінік ретінде қарастырылады (мысалы визуалды метроном арқылы).

ЫМ (язык жестов) тілін меңгерген мұғалімдер саңырау оқушылармен сенімді әрі тікелей қарым-қатынас орната алады. Бұл тәсіл оқушылардың өзін-өзі еркін сезінуіне, ал сабақтағы көрнекі құралдар мен арнайы әдістер – олардың белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Инклюзивті орта қалыптастыру үшін сыныптағы оқушылар мен мұғалім ым (язык жестов) тілінің кейбір қарапайым нұсқаларын білгендері де маңызды.

Осы санаттағы балалармен жұмыс жасауда қауіпсіздік мәселесіне ерекше мән беріледі. Кейбір оқушылар есту аппараттарын немесе кохлеарлы импланттарды қолданатындықтан, оларды зақымдап алмау үшін сақтық ережелерін қадағалау қажет. Контактілі спорт түрлері, қатты соққылар мен құлау жағдайлары құрылғыға зиян келтіруі ықтимал. Мұндай жағдайда хирургиялық ота жасау қажеттігі туындауы әбден мүмкін, ал оның қандай нәтиже беретіндігін болжау қиынға түседі. Бала мүлдем есту қабілетінен арылып қалуы мүмкін [19].

Жоғарыдағы ақпаратты зерделей келе, есту мүшесінде ақауы бар балалармен дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыруда келесілерді ескеру керек:

- спорт залындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бөгеттерді, кедергілерді тексеру;
- қажет болса арнайы аймақтарды түсті ленталармен немесе төсеніштермен белгілеу;
- есту аппаратына зақым келтірмеу үшін контактілі спорт түрлерін шектеу;
- визуалды белгілерді қолдану: жалаушалар, арнайы қимылдар, жарық сигналы, визуалды метроном пайдалану;
- нұсқауларды қысқа, анық көрсету;
- қарапайым ым тілінің элементтерін білу;
- үнемі баланың көз алдында болу;
- сыныпта жайлы психологиялық климаттың болуын қадағалау, балалар арасында өзара көмектесу, әрекеттесу ету қабілеттерін қалыптастыру.

Құлағы естімейтін баланың әлемі еститін баланың әлемінен өзгеше. Бұл балалардың психологиялық және эмоциялық аймағы да басқа болады. Дегенмен, әдістемелік және адами тұрғыдан дұрыс ойластырылған дене шынықтыру сабағы баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, көңіл-күй тұрақтылығын қамтамасыздандыруға ықпалын тигізеді.

Менталды бұзылыстары бар балаларға арналған дене шынықтыруды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Менталды бұзылыстар деп психикалық дамуында түрлі ауытқулары мен ерекшеліктері бар балаларды айтамыз. Бұл ақыл-есі кем, аутизм спектріндегі бұзылысы бар, психикалық тұрақсыз қалыптағы және тағы да басқа сананың қалыпты әрекет ете алмайтын жағдайын айтамыз (Даун синдромы, психикалық даму тежелісі т.с.с.). Менталды бұзылыстары бар балалармен дене шынықтыру сабағын өткізуде әр-бірімен жұмыс істеуде даралық принципін ұстану керек.

Эуис Хериати мен Ен Ратенсих, менталды бұзылыстары бар балалардың әдетте белсенділігі төмен, дене моторикасы әлсіз дамыған күйде болады деп жазады. Мұндай балаларда артық салмақ жинау мен семіздік мәселесі болуы мүмкін. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, ақыл-есі кем оқушылардың дене дайындығы өте төмен болып, оларда I және II дәрежелі семіздік байқалады. Сонымен қатар, мектепте дене тәрбиесін ұйымдастыруда түрлі кедергілер мен басқа да қиындықтар анықталған [20].

Менталды бұзылыстары бар балалардың арасында аутизм спектрі бұзылған балалармен дене шынықтыру сабағын өткізу ерекше назарға ие болып отыр. Аутизм диагнозы қойылған оқушылардың дене тәрбиесі әдеттегі балаларға қарағанда оқу материалын ұсыну тәсілінде

өзгешеленеді. Мұндай жағдайда негізгі түсінікті қалыптастыру үшін көбінесе көрнекілік пен нақты мысалдар қолданылғаны тиімді.

Аутизм әр адамда әртүрлі көрініс табады, дегенмен, аутист адамдарды және менталды бұзылыстардың кейбірін біріктіретін жалпы сипаттамалар бар:

- әлеуметтік байланыс пен өзара әрекеттесудің төмен деңгейі,
- іс-әрекеттер мен қызығушылықтардың қайталанатын әрі шектеулі үлгілері,
- сенсорлық ақпаратты өңдеу ерекшеліктері.

Мұндай тұлғалар ауызша да, ым-ишара арқылы да қарым-қатынаста өзгеше болады. Көпшілігі сөздерді тура мағынасында қабылдап, айтылған ойды дәл сол қалпында түсінеді.

Ғылыми деректерге сүйенсек, аутист адамдар арасындағы коммуникацияның шамамен 80%-ы вербалды емес жолмен жеткізіледі екен. Дегенмен, көбі мұндай белгілерді түсінуде және қолдануда айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Сондықтан ишара сөз, мысқылдау, әзілдеу секілді қалыпты адамға тән әрекеттер мұндай адамдар үшін тура мағынада қабылданады.

Кейбір балаларда сөйлеу тілі мүлде дамымаған күйде немесе шектеулі деңгейде қалыптасады. Олар өзгелерді түсінгенімен, өз ойын білдіруде балама тәсілдерді (ым тілі, суреттер, визуалды белгілер) қолданғанды жөн көреді. Кейде олар өзге адамның айтқанын қайталайды (эхолалия) немесе ұзақ уақыт бойы өз қызығушылықтары жайлы айта береді.

Менталды бұзылыстары бар оқушылардың көпшілігі жарысты, командалық ойындарды түсінбейтіндіктен, олардың белсенділігін қамтамасыз ететін басқа жаттығулар пайдалану керек. Мысалы, жеке-дара орындауға болатын қыздыру жаттығулары мұндай балаларға ұнамды болады, көпшілігінде балалар өз денесін жақсы сезінуді ұнатады екен. Бұлшықет қысымы мен созылу жаттығулары стрессті азайтып, қозғалыс дағдыларын дамытады. Балаларға баяу әуен қосып, төсенішке отырып немесе жатып, дененің әр бөлігін кезекпен босаңсыту жаттығуларын ұсынуға болады.

Менталды бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуде олардың қалаулары ескерілуі керек, ұнататын, ұнатпайтын әрекеттері болады. Ата-аналарынан сауалнама алып, алдағы жұмысты белгілеп алған жөн. Мысалы келесі сұрақтарға жауап алуға болады:

1. Балаңыз қайталанатын қозғалыстар жасай ма? (тербелу, қол соғу, айналу);
2. Жанасуға сезімталдық бар ма? (кейбір балалар өздеріне қол тигізгенді ұнатпайды);
3. Құрысулар байқала ма және дәрі қабылдай ма? (себебі дәрілер олардың реакциясын тежеуі мүмкін).

Менталды бұзылыстары бар балалардың басым көпшілігі визуал болғандықтан,

- көрнекі құралдар (сызбалар, кестелер, флэш-карталар) пайдаланған дұрыс,
- нұсқаулар қысқа әрі нақты болу керек,
- әр балаға тұрақты орын белгілеу керек,
- сабақ ережелерін алдын ала анықтап, көрнекі түрде көрсету керек,
- флэш-карталарды пайдалануға болады,
- жаттығуды орындаудың үлгісін көрсету керек,
- әр сабақтың қыздыру бөлігін бірдей жаттығулармен бастаған дұрыс,
- алаңдататын факторларды азайту керек.- қауіпті қозғалыстарды пайдаланбаған абзал,
- қайталанып отыратын жаттығуларды енгізуге болады.

Дене тәрбиесі менталды бұзылыстары бар балаларға энергиясын дұрыс бағытта жұмсауға, мінез-құлқын реттеуге мүмкіндік береді.

Тірек қимыл аппаратының бұзылыстары бар балаларға арналған дене шынықтыруды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар.

Тірек-қимыл аппараты адамның еркін жүріп тұруына, қозғалмалылығына, мобилділігіне әсер етеді. Тірек-қимыл аппаратында бұзылысы бар, бірақ таным аймағы, сезім мүшелері қалыпты балалармен жұмыс істеуде олардың жеке дара физикалық мүмкіндіктерін ескеру арқылы дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруда ерекше назарға алатын себептер айтарлықтай күрделі емес деуге болады. Сонымен қатар, балалардың сал ауруына шалдыққан санаты ерекше назар

аударғанды талап етеді. Церебральды сал ауруы-мүгедектіктің кең таралған түрі. Бұл неврологиялық ауруы бар әрбір бала мүгедектіктің белгілеріне, асқынуларына және ауырлығына негізделген физикалық, когнитивті және мінез-құлық қажеттіліктерінің өзіндік жиынтығымен шынымен ерекше.

Церебральды сал ауруы бар баланың мектепте қаншалықты жақсы оқитыны әдетте оның мүгедектік дәрежесіне байланысты. Бұл ауру кейде ауыр психикалық бұзылуларды тудырады. Церебральды сал ауруының өте ауыр түрлерімен ауыратын кейбір балаларда когнитивті проблемалар туындауы мүмкін. Церебральды сал ауруы бар кейбір адамдарда өте ауыр физикалық кемшіліктер бола тұра, олардың ақыл-ойының өткірлігі өте күшті болуы мүмкін.

Кейбір мектептегі оқуға қабілетті церебральды сал ауруы бар балаларда есту, көру және сөйлеу проблемалары кездеседі. Есту, көру және сөйлеу қиындықтары кездескен жағдайда жоғарыда берілген ұсыныстарды пайдалануға болады. Жақсы логопед пен есту аппараттары сияқты көмекші құрылғылардың арқасында церебральды сал ауруы бар адамның мектепте жақсы оқу қабілеті әдетте айтарлықтай артады.

Жалпы білім беретін мектептерде мұндай балалар қатардағы оқушылармен бірге оқығанымен, дене шынықтыру сабақтарына толыққанды қатыса алмай қалуы мүмкін. Себебі бұлшықет дистрофиясы немесе церебральды сал ауруы бар балалар дәстүрлі спорттық жаттығуларды орындауда шектеулерге тап болады. Мұғалімдер олардың жағдайына бейімделген, денсаулықтарын нығайтуға бағытталған арнайы жаттығулар енгізуі тиіс.

Практикада мұғалімдер нұсқауларды ірі қаріппен жазып, сыныпқа іліп қоя алады немесе ауызша кеңес береді. Қажет болған жағдайда балаға көмектесетін құрдас серіктес тағайындауға болады. Ережелерді жеңілдету де маңызды: мысалы, допты алыс қашықтықтан лақтырудың орнына жақын жерден орындауға мүмкіндік беру, уақыт шектеулерін қысқарту.

Жабықтарды бейімдеу де пайдалы. Моторикасы әлсіз балалар үшін ұстауға ыңғайлы ілмек қосуға, баскетбол сақинасын төмендетуге, үлкен немесе жеңіл доптарды пайдалануға болады. Мүгедектер арбасын пайдаланатын оқушылар допты тізесінде ұстап ойнай алады, ал торлар олардың деңгейіне қарай реттеледі.

Үлкен әрі жұмсақ доптар, жеңіл ракеткалар сынды спорттық құралдар ерекше қажеттіліктері бар балалардың дене шынықтыру сабағына белсенді қатысуын жеңілдетеді.

Сонымен, жоғарыда пайымдалған ақпаратты ескере отыра келесі ұсыныстарға назар аудару керек:

- әр баланың физикалық жағдайына қарай жаттығуларды бейімдеу.
- тапсырмаларды жақын қашықтықтан орындауға немесе уақытты қысқартуға мүмкіндік беру.
- үлкен, жұмсақ доптар, төмендетілген торлар, жеңіл ракеткалар қолдану.
- ірі қаріппен жазылған ережелер, плакаттар, қысқа әрі анық ауызша түсіндіру.
- қажет жағдайда сыныптастарының көмегін пайдалану.
- моторикасы шектеулі балалар үшін қозғалыс аймағын алдын ала дайындау.
- қозғалыс белсенділігін барынша қолдау, баланың өзін сенімді сезінуіне жағдай жасау.

Осылайша, отандық және шетелдік инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру мәселесін зерделей келе, анализдей, сараптай, салыстыра, жіктеу, топтау арқылы «Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» әзірленді. Айта кетерлігі, отандық зерттеулерде аталмыш мәселенің әлі де болса толық зерттелмегенін көреміз. Сол себепті, әдістемелік ұсыныстарды жасауда шетелдік тәжірибеге басымдық берілді.

«Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» Павлодар қаласының инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеп жатқан дене шынықтыру мұғалімдеріне әдістеменің тиімділігін тексеріп көруге ұсыныс берілді. Бұл зерттеуге қатысуға 17 мұғалім келісімін берді.

Зерттеу барысында интервью әдісі қолданылып, мұғалімдердің пікірлері бастапқы (ұсыныстарды қолданбас бұрын) және соңғы (ұсыныстарды енгізгеннен кейін) кезеңдерде салыстырылды. Оларға келесі сұрақтар қойылды:

Кесте 1- интервью сұрақтары

№	Сұрақ
1	Инклюзивті сыныптағы дене шынықтыру сабақтарында қандай қиындықтарға жиі тап боласыз?
2	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған әдістемелік нұсқауларды қолданасыз ба?
3	Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін қалай бағалайсыз?
4	Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын қалай бағалайсыз?
5	Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру сізге қиындық туғыза ма?
6	Қандай қосымша қолдаулар немесе материалдар қажет деп ойлайсыз?
7	Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру үшін не жетіспейді деп есептейсіз?

Жауаптар келесідей сарапталды:

1) Инклюзивті сыныптағы дене шынықтыру сабақтарында қандай қиындықтарға жиі тап боласыз? деген сұраққа мұғалімдердің жауаптарын қарастырып, ортақ пікірлерді топтастырдық. Соның нәтижесінде мұғалімдердің көпшілігі негізгі қиындық ретінде оқушылардың физикалық дайындығының әртүрлілігін атады. Сондай-ақ, арнайы жабдықтардың жеткіліксіздігі мен қауіпсіздік мәселесі де жиі айтылды. Кейбір мұғалімдер уақыт тапшылығын, яғни жеке оқушыға жеткілікті көңіл бөле алмауды да атап өтті. Осыдан шығарылатын ортақ қорытынды, ол – негізгі қиындықтардың болуы: арнайы материалдық-техникалық база мен уақыттың жетіспеуі, сондай-ақ оқушылардың әртүрлілігіне бейімделу қажеттілігі.

2) Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған әдістемелік нұсқауларды қолданасыз ба? деген сұраққа берілген жауаптардың жіктелуі келесі түрде; бір бөлігі арнайы мектептерге арналған әдістемелік нұсқауларды қолданатынын айтты, бірақ олардың жеткіліксіз екенін мойындады. Кейбір мұғалімдер жалпы бағдарламаны өз бетінше бейімдеп қолдануға мәжбүр екенін пайымдады. Әдістемелік құралдар мен нақты нұсқаулардың жоқтығы жиі сынға алынды. Бұл сұраққа жауап беруде қатысушылар тіпті наразылықтарын да білдірді. Қорытындылай келе біз әдістемелік нұсқауларға сұраныстың жоғары екендігін, қолжетімді материалдардың аз екенін көрдік.

3) Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін қалай бағалайсыз? сұрағына жауаптар екі түрғыдан қарастырылды. Мұғалімдердің бір бөлігі белсенділікті негізінен қозғалысқа қатысу жиілігі, ынта білдіру және тапсырмаларды орындау сапасы арқылы бағалайтын болса, екіншілері оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін белсенділік көрсеткіші ретінде қолданатынын айтты. Қорытындылай келе белсенділік негізінен қатысу және ынтамен өлшенетінін, бірақ объективті бағалау критерийлері толық жүйеленбегенін аңғардық.

4) Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын қалай бағалайсыз? Сауалы мұғалімдерді біраз ойландырды. Олардың пікірінше, оқушылар арасында қолдау көрсету басым болғанымен, кейде кемсітушілік байқалатын болып шықты. Кейбір мұғалімдер топтық жұмыстар инклюзивті ортада қарым-қатынасты дамытуға жақсы ықпал ететінін айтты. Сонымен, біз қарым-қатынас жалпы жағымды, бірақ әлеуметтік бейімделуді нығайтуды қажет ететіндігін түсіндік.

5) Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру сізге қиындық туғыза ма? Бұл сұрақ мұғалімдердің басым бөлігінің аса маңызды мәселесі болып табылатынын аңғардық. қатысушылардың көпшілігі «иә» деп жауап берді, басты себеп деп – әдістемелік және материалдық ресурстардың жетіспеуін белгіледі. Кейбір мұғалімдер тәжірибенің жеткіліксіздігіне назар аударды. Иә, қиындық бар, ол көбіне жүйелік қолдаудың жеткіліксіздігімен байланысты екен.

б) Қандай қосымша қолдаулар немесе материалдар қажет деп ойлайсыз? Деген сұраққа алынған жауаптарды сараптауда ең алдымен әдістемелік құралдар мен арнайы спорттық жабдықтардың қажеттігін көріп отырмыз. Сондай-ақ, көмекші мамандардың (логопед, дефектолог, ассистент) қолдауына қажеттілік айтылды. Қорытындымыз қосымша ресурстар ретінде құрал-жабдықтар, әдістемелік материалдар және мамандардың көмегі қажет деп тұжырымдалды.

7) Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру үшін не жетіспейді деп есептейсіз? Мұғалімдер инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша арнайы курстардың керектігін атап өтті. Сонымен қатар, мектептердің инклюзивтілікті сақтауға мүмкіндік беретін арнайы спорттық инфрақұрылымы жеткіліксіз екендігі де жиі қайталанды. Кейбір мұғалімдер ата-аналармен байланыс пен түсіндіру жұмыстарын күшейту керек деді. Жеткіліксіздік негізінен үш салада байқалады: әдістемелік, материалдық және кадрлық қолдау.

Зерттеуге қатысушы мұғалімдер қолдарына әдістемелік ұсыныстарды алғаннан кейін, өткен оқу жылының 3-ші тоқсаны бойы оның тиімділігін тексеріп көрді. Осы уақыт аралығында оларға қажетті қосымша әдістемелік көмек жасалып отырды. Әсіресе менталды бұзылыстары бар балалармен жұмыс жасауда. Зерттеу жұмысы барысында мұғалімдер тарапынан қызығушылықтың артқанын, олардың өздерін мазалаған сұрақтарға жауап алғандарын бақыладық. Мұғалімдер ЕБҚ бар балалардың көпшілігінің дене шынықтыру сабағынан босатылуы жайлы анықтамаларының болуын атап кетті. Өте қиын және күрделі диагнозы бар балалар көбінесе үйде білім алатындығы белгілі болды. Дегенмен, әдістемелік ұсыныстардың тиімділігін анықтауға мүмкіндік болды.

Әдістемелік ұсыныстарды апробациядан өткізгеннен соң зерттеуге қатысушы мұғалімдерге алғашқыда қойылған сұрақтар қайта қойылды. Белгіленген уақытта әр қатысушымен жеке дара жұмыс жасалды.

1) Инклюзивті сыныптағы дене шынықтыру сабақтарында қандай қиындықтарға жиі тап боласыз? Осы жолы мұғалімдердің көпшілігі қиындықтардың азайғанын атап өтті. Алдыңғыдай жабдықтардың жетіспеушілігі айтылғанымен, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру жеңілдегені атап өтілді. Кейбір мұғалімдер уақытты тиімді пайдалануды үйренгенін айтты. Осыдан біз әдістемелік ұсыныстар қиындықтарды жүйелеуге көмектесіп, педагогтардың сенімділігін арттырды деген тұжырым жасадық.

2) Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған әдістемелік нұсқауларды қолдана-насыз ба? Осы сұрақта да, алғашқымен салыстырғанда прогресс байқалды. Мұғалімдердің басым бөлігі апробациядан кейін әдістемелік нұсқауларды белсенді қолдана бастағанын айтты. Бұрынғыға қарағанда нұсқаулардың түсініктілігі мен практикалық пайдасы атап өтілді. Нұсқаулар мұғалімдер тәжірибесіне еніп, сабақ сапасын арттырды деп қорытынды жасалды.

3) Оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін қалай бағалайсыз? Сұрағына жауап беруде мұғалімдер оқушылардың белсенділігінің артқанын байқаған. Әсіресе топтық ойындар мен бейімделген жаттығулар арқылы ерекше білімді қажет ететін балалардың қатысуы күшейген. Осыдан, оқушылардың сабаққа қызығушылығы мен белсенділігі айтарлықтай өскенін көреміз.

4) Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын қалай бағалайсыз? Мұғалімдердің айтуынша, қарым-қатынас бұрынғыдан гөрі ынтымақтастыққа негізделген екен. Сыныптастар ерекше оқушыларға қолдау көрсетуге үйрене бастағанын мәлімдеді. Әлеуметтік өзара әрекеттесуде оң өзгерістер байқалғанын көріп отырмыз.

5) Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру сізге қиындық туғыза ма? Бұрынғыдай «иә» деп жауап бергендер азайды, бірақ мүлдем азаймағанын мойындап отырмыз. Көптеген мұғалімдер ұсыныстар сабақтарды жеңіл әрі нәтижелі өткізуге көмектескенін айтты. Осыдан қиындық деңгейі едәуір төмендеді деп қорытындылаймыз.

б) Қандай қосымша қолдаулар немесе материалдар қажет деп ойлайсыз? Бұл сұраққа жауаптар аса өзгерген жоқ. Мұғалімдер осы әдістемелік құралдардың жеткілікті екенін айтқанымен, арнайы спорт жабдықтарын толықтыру қажеттілігін атады. Кейбіреулер ата-аналарды ақпа-

раттандыру бағытында қосымша жұмыс қажет екенін атады. Себебі ең басты қиындықтардың бірі – бұл кейбір ЕБҚ бар ата-аналарымен жұмыс болып шықты.


7) Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру үшін не жетіспейді деп есептейсіз? Сұрағына жауаптар да аса өзгерген емес. Мұғалімдер арнайы спорт жабдықтары мен бейімделген алаңдар қажеттігін тағы да атап өтті. Сондай-ақ, ұзақ мерзімді курстар мен тәжірибе алмасу семинарларын өткізу ұсынылды. Мұғалімдер өз біліктіліктерін арттыру жолында инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруда білімдерін кеңейтуге қатысты ынталарын білдірді. Апробациядан кейін негізгі жетіспеушілік әдістемеден емес, инфрақұрылым мен тәжірибелік қолдау саласында екені анықталды.

Алынған нәтижелерді келесі кестеде көрсетуге болады:

Кесте 2 – Апробацияға дейінгі және апробациядан кейінгі алынған нәтижелері

№	Сұрақтар	Апробацияға дейінгі нәтиже	Апробациядан кейінгі нәтиже
1	Қиындықтар	Мұғалімдер әдістемелік нұсқаулықтың жетіспеуін, уақыт тапшылығын, әртүрлі мүмкіндіктерді ескерудің қиындығын айтты.	Қиындықтар азайды, мұғалімдер ұсыныстарды қолдану арқылы жұмысын жеңілдеткенін айтты.
2	Әдістемелік нұсқауларды қолдану	Көбі арнайы нұсқауларды жүйелі қолданбайтынын жеткізді.	Мұғалімдердің басым бөлігі нұсқауларды сабақта белсенді қолданатынын айтты.
3	Оқушылардың белсенділігі	Ерекше оқушылардың белсенділігі төмен деп бағаланды.	Белсенділік артып, тапсырмаларды орындауға қызығушылық танытты.
4	Қарым-қатынас	Қарым-қатынас әлсіз, оқушылар арасында бөліну байқалды.	Қарым-қатынас жақсарып, бір-бірін қолдау күшейді.
5	Ұйымдастырудағы қиындық	Инклюзивті сабақтарды ұйымдастыруда қиындық бар.	Қиындықтар азайды, мұғалімдер сенімдірек сезінді.
6	Қосымша қолдау	Көбі әдістемелік материалдар мен ресурстар жетіспейді деді.	Қосымша қолдау аз қажет болды, бірақ техникалық құралдар қажет деп көрсетілді.
7	Не жетіспейді?	Нұсқаулықтар, тәжірибелік үлгілер, көмекші жабдықтар жетіспейді.	Арнайы спорт жабдықтары мен визуалды құралдардың жетіспеушілігі қалды.

Алынған нәтижелерді визуализациялау мақсатында жауаптарды диаграммада көрсетуге болады. Мұнда апробацияға дейін және апробациядан кейін алынған қорытындыны бейнеленген.



1 Сурет - Апробацияға дейін және апробациядан кейін алынған қорытындысы

Жүргізілген интервью нәтижелерін екі тұрғыдан қарастыруға болады: мұғалімдердің әдістемелік дайындық және материалдық база деңгейі мен оқушылардың белсенділігі мен қиындық деңгейі. Респонденттер бұл көрсеткіштерді 100 баллдық көрсеткіштермен бағалады, ол үшін әр көрсеткіш бойынша кесте толтырылды. Респонденттердің берген жауаптарының ортақ көрсеткіштері, апробацияға дейін және апробациядан кейінгі нәтижелер, салыстырылып

қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Екі топтың орташа мәндерінің айырмасы **Cohen's «d»** шамасымен анықталды.

$$d = \frac{M_{\text{кейін}} - M_{\text{дейін}}}{SD_{\text{pooled}}}$$

Мұнда $SD \approx 20$.

Jacob Cohen ұсынған интерпретацияға сәйкес $|d|$ шамасы (модулі) – әсердің күшін көрсетеді. +2.0 дегеніміз *өте үлкен әсер* леген мағына. Ал соңғы «қиындық деңгейі» көрсеткіші – (минус) болуы – өзгерістің бағыты кері екенін, яғни қиындықтың төмендегенін білдіреді.

Кесте 3 – Аprobацияға дейінгі және аprobациядан кейінгі алынған нәтижелердің мәнділігі

Көрсеткіш	Аprobацияға дейін ортақ шама	Аprobациядан кейін ортақы шама	Айырмашылық (пункт)	Cohen's d (шамамен)	Қорытынды
Мұғалімдердің әдістемелік дайындық және материалдық база деңгейі					
Әдістемелік дайындық	30	75	+40	2.25	Көрсеткіш өсті
Материалдық база	25	60	+35	1.75	Өзгеріс байқалмады
Мұғалім сенімділігі	40	80	+40	2.00	Көрсеткіш өсті
Оқушылардың белсенділігі мен қиындық деңгейі					
Оқушы белсенділігі	35	80	+45	2.25	Көрсеткіш өсті
Әлеуметтік қарым-қатынас	40	85	+35	2.25	Көрсеткіш өсті
Қиындық деңгейі	70	30	-40	-2.00	Қиындық деңгейі төмендеді

Осылайша, аprobациядан кейін мұғалімдер әдістемелік ұсыныстардың тиімділігін оң бағалағанын көреміз.

Қорытынды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алға қойылған міндеттер шешілді деп тұжырымдауға болады. Әдеби, ғылыми дереккөздерді сараптамадан өткізу арқылы

- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әлемдік және отандық тәжірибелер зерделенді;

- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыра алу үшін мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге арналған әдістемелік ұсыныстарды әзірленді;

- инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру бойынша әзірленген әдістемелік ұсыныстардың тиімділігін эмпирикалық жолмен тексерілді.

Инклюзивті білім беру жағдайында дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруға қатысты жүргізілген аprobация нәтижелері мұғалімдердің тәжірибесінде айтарлықтай оң өзгерістер болғанын көрсетті. Бастапқы кезеңде мұғалімдер көбіне әдістемелік құралдардың жетіспеушілігін, сабақ ұйымдастырудағы қиындықтарды және ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың төмен белсенділігін атап өткен болатын. Сонымен қатар, оқушылардың өзара қарым-қатынасы жеткілікті деңгейде дамымағанын байқаған еді.

Аprobациядан кейінгі нәтижелер бұл мәселелердің біршама шешілгенін дәлелдеді. Мұғалімдер әдістемелік нұсқауларды жүйелі түрде қолдана бастағандықтан, сабақтарды ұйымдастыру жеңілдеп, сенімділіктің артқанын ата өтті. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі жоғарылап, сынып ішіндегі өзара қолдау мен ынтымақтастық күшейді. Сонымен қатар, қосымша қолдауға деген сұраныс азайып, тек арнайы спорт жабдықтары мен техникалық құралдардың қажеттілігі сақталғаны белгілі болды.

Жалпы алғанда, апробация ұсыныстардың тиімділігін, олардың мұғалімдер тәжірибесіне оң ықпалын және инклюзивті дене шынықтыру сабақтарының сапасын арттыруға үлес қоса алатынын көрсетті.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың көпшілігі бүкіл әлем бойынша мамандандырылған мектептер мен сыныптардан шығып, қарапайым мектептерде оқуды жөн көреді. Оқу сабақтарынан басқа, бұл балалар әдеттегі дене шынықтыру сабақтарына қатысады. Өкінішке орай, зерттеулер дене шынықтыру мұғалімдері ерекше қажеттіліктері бар балаларды стандартты сабақтарына қосуға дайын емес екенін анық көрсетеді.

Оқу процесін әзірлеу кезінде оқытушылар өз оқушыларының академиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін ескеруі, сондай-ақ білім беру мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін технологияларды енгізуі қажет. Оқытуды жоспарлау балалардың оқу материалына қол жеткізуін қамтамасыз етуді және олардың білімі мен идеяларын білдіру үшін жағдай жасауды қамтиды.

Алынған ақпаратты анализдеу, топтастыру, жалпылау мен жіктеу арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды дене шынықтыру сабағына қосу ісін ұйымдастыру үшін тиімді әдістемелік ұсыныстар берілді.

Инклюзивті білім беру ортасында жұмыс істейтін мұғалімдер үшін ұсынылған әдістемелік шешімдер пайдалы болады және әр оқушының жан-жақты физикалық дамуы, әлеуметтенуі және өзін-өзі растауы үшін жағдай жасауда тиімді құрал болады деп үміттенеміз.

Алғыс айту. Зерттеу ісін жүргізуге қатысушы мұғалімдерге ерекше алғысымызды білдіреміз. Келісім берген мұғалімдердің арқасында басы ашылмай жүрген мәселелердің шет жағасы айқындала басталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov_mp
2. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы
3. Ennis C.D. *Defining Learning as Conceptual Change in Physical Education and Physical Activity Settings. Research Quarterly for Exercise and Sport*, 78, 2007, pp138-150.
4. Haywood M.K.. *Life Span Motor Development* (6th ed.). Champaign: Human Kinetics. 1986.
5. Smith L.B., & Thelen E.. *MIT Press/Bradford Books Series in Cognitive Psychology. A Dynamic Systems Approach to Development: Applications.* Cambridge, MA: The MIT Press, 1993.
6. Aubakirova R., Zhomartova A. et al. *Improving Psychological and Educational Support of University Students with Disabilities in Kazakhstan. QUBAHAN ACADEMIC JOURNAL* VOL. 5, NO. 1, January 2025, 150-158 <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1063>
7. Pecora P.J., Whittaker J. K., Maluccio A. N., & Barth R. P. *Te child welfare challenge: Policy, practice, and research.* New Jersey: Aldine-Transaction, 2012.
8. Vasil'eva O. *Training Educators to Work in the Context of Inclusive Education. Scientific Research and Development. Socio-Humanitarian Research and Technology.* 12. 2023, pp 53-58. 10.12737/2306-1731-2023-12-2-53-58.
9. Aftab Muhammad & Bano Hummara & Qureshi Maria & Nadeem Ali & Qamar Arshad.. *Multicultural Education Role of Assistive Technology in Promotion of Inclusive Education for Children with Disabilities: Special Educator's Narrative. Multicultural Education.* 8. 2022, pp 325-334. 10.5281/zenodo.6359453.
10. Сырымбетова Л.С., Жигадло П.А, Жубатова Б.А., Ким Т.А. *Обучение физической культуре школьников в условиях инклюзии: из опыта работы.* Өрлеу. Үздіксіз білім жаршысы – Өрлеу. Вести непрерывного образования. No2(45)/2024, <https://journal.orleu-edu.kz/index.php/vesti-no/article/view/19>
11. Dixon Kevin & Braye Stuart & Gibbons Tom. *Still outsiders: The inclusion of disabled children and young people in physical education in England. Disability & Society.* 37. 2021, pp 1-19. 10.1080/09687599.2021.1907551
12. *Инклюзивное образование на уроках физической культуры в общеобразовательной школе.* Аниупова С. Н. *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, материалы международной научно-практической конференции Алтынсарин оқулары. Ценности воспитания детей и молодежи в системе образования: опыт, проблемы и решения. Қостанай 2025 год, стр 97-99*
13. Surakka Airi & Kivela Tero. *Motivating visually impaired and deaf-blind people to perform regular physical exercises. British Journal of Visual Impairment.* 26. 2008, pp 255-268. 10.1177/0264619608093643.
14. *Overbrook School for the Blind website, article accessed 3.24.06, http://www.s118134197.onlinehome.us/page.php?ITEM=39*
15. Crowe T.K., & Horak F.B. *Motor Proficiency Associated with Vestibular Deficits in Children with Hearing Impairments. Physical Therapy,* 68, 1988, pp 1493-1499.

16. Kaga K., Shinjo Y., Jin Y., & Takegoshi H. Vestibular Failure in Children with Congenital Deafness. *International Journal of Audiology*, 47, 2008, pp 590-599. <https://doi.org/10.1080/14992020802331222>
17. M. Kathleen Ellis, Lauren J. Lieberman, Gail M. Dummer, Parent Influences on Physical Activity Participation and Physical Fitness of Deaf Children, *The Journal of Deaf Studies and Deaf Education*, Volume 19, Issue 2, April 2014, Pages 270–281, <https://doi.org/10.1093/deafed/ent033>
18. Barboza Clévia & Ramos Alex & Abreu Paula & Castro Helena. Physical Education: Adaptations and Benefits for Deaf Students. *Creative Education*. 10. pp 714-725. 10.4236/ce.2019.104053.
19. Rubab G. Arim, Leanne C. Findlay, Dafna E. Kohen, "Participation in Physical Activity for Children with Neurodevelopmental Disorders", *International Journal of Pediatrics*, vol. Article ID 460384, 9 pages, 2012. <https://doi.org/10.1155/2012/460384>
20. Heryati Euis & Ramengsih Een. Adaptive Physical Education Model for Increasing Physical Fitness of Children With Intellectual Disability. 10.2991/icset-17.2017.34

References:

1. [https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov mp](https://data.egov.kz/datasets/view?index=sdpodov_mp)
2. Qazaqstan Respublikasındaғы inklyzivti siyasattyń 2025–2030 jyldarǵa arnalǵan túǵyrymdamasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Úkimetiniń 2024 jyldyń 30 jeltoqsandaǵy № 1143 qaylysy [Electronic resource]. – Astana, 2024.
3. Ennis C. D.. Defining Learning as Conceptual Change in Physical Education and Physical Activity Settings. *Research Quarterly for Exercise and Sport*, 78, 2007, pp 138-150.
4. Haywood M. K. Life Span Motor Development (6th ed.). Champaign: Htiman Kinetics. 1986.
5. Smith L.B., & Thelen E. MIT Press/Bradford Books Series in Cognitive Psychology. A Dynamic Systems Approach to Development: Applications. Cambridge, MA: The MIT Press, 1993.
6. Aubakirova R., Zhomartova A. et al. Improving Psychological and Educational Support of University Students with Disabilities in Kazakhstan. *QUBAHAN ACADEMIC JOURNALVOL. 5, NO. 1, January 2025, 150-158* <https://doi.org/10.48161/qaj.v5n1a1063>
7. Pecora P.J., Whittaker J.K., Maluccio A.N., & Barth R.P. *Te child welfare challenge: Policy, practice, and research*. New Jersey: Aldine-Transaction, 2012.
8. Vasil'eva O.. Training Educators to Work in the Context of Inclusive Education. *Scientific Research and Development. Socio-Humanitarian Research and Technology*. 12. 53-58. 10.12737/2306-1731-2023-12-2-53-58.
9. Aftab Muhammad & Bano Hummara & Qureshi Maria & Nadeem Ali & Qamar, Arshad. Multicultural Education Role of Assistive Technology in Promotion of Inclusive Education for Children with Disabilities: Special Educator's Narrative. *Multicultural Education*. 8. 2022. pp 325-334. 10.5281/zenodo.6359453.
10. Syrymbetova L.S., Zhigadlo P.A., Zhubatova B.A., Kim T.A. Obýchenie fizicheskoi kúlture shkol'nikov v usloviakh inklyzii: iz ópyta raboty // Orley. Úzdiksiz bilim jarshysy – Orley. Vesti nepreryvnogo obrazovaniia. – No. 2(45), 2024. – URL: <https://journal.orleu-edu.kz/index.php/vesti-no/article/view/19>
11. Dixon Kevin & Braye Stuart & Gibbons Tom. Still outsiders: The inclusion of disabled children and young people in physical education in England. *Disability & Society*. 37. 1-19. 10.1080/09687599.2021.1907551
12. Ancupova S.N. Inklyzivnoe obrazovanie na urókah fizicheskoi kúltury v obsheobrazovatel'noi shkole // Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii "Altynsarin oqulary. Cennosti vospitaniia detei i molodezhi v sisteme obrazovaniia: opyt, problemy i resheniia". – Qostanai: Qostanai regional'nyi universitet imeni Ahmet Baitúrýsynuly, 2025. – S. 97–99.
13. Surakka Airi & Kivela Tero. Motivating visually impaired and deaf-blind people to perform regular physical exercises. *British Journal of Visual Impairment*. 26. 2008. Pp 255-268. 10.1177/0264619608093643.
14. Overbrook School for the Blind website, article accessed 3.24.06, <http://www.s118134197.onlinehome.us/page.php?ITEM=39>
15. Crowe T.K., & Horak FB. Motor Proficiency Associated with Vestibular Deficits in Children with Hearing Impairments. *Physical Therapy*, 68, 1988, pp 1493-1499.
16. Kaga K., Shinjo Y., Jin Y., & Takegoshi H. Vestibular Failure in Children with Congenital Deafness. *International Journal of Audiology*, 47, 2008, pp 590-599. <https://doi.org/10.1080/14992020802331222>
17. M. Kathleen Ellis, Lauren J. Lieberman, Gail M. Dummer, Parent Influences on Physical Activity Participation and Physical Fitness of Deaf Children, *The Journal of Deaf Studies and Deaf Education*, Volume 19, Issue 2, April 2014, Pages 270–281, <https://doi.org/10.1093/deafed/ent033>
18. Barboza Clévia & Ramos Alex & Abreu, Paula & Castro Helena. Physical Education: Adaptations and Benefits for Deaf Students. *Creative Education*. 10. 714-725. 10.4236/ce.2019.104053.
19. Rubab G. Arim, Leanne C. Findlay, Dafna E. Kohen, "Participation in Physical Activity for Children with Neurodevelopmental Disorders", *International Journal of Pediatrics*, vol. 2012, Article ID 460384, 9 pages, 2012. <https://doi.org/10.1155/2012/460384>
20. Heryati Euis & Ramengsih Een. Adaptive Physical Education Model for Increasing Physical Fitness of Children With Intellectual Disability. 10.2991/icset-17.2017.34